

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Исатай ауданы Нарын ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 06 мамырдағы № 6 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 26 мамырда № 3526 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы Нарын ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 18 тамыздағы № 10 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Исатай ауданы Нарын ауылдық округі әкімінің 18.08.2016 № 10 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Исатай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 01-06-13/07 ұсынысы негізінде Нарын ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Нарын ауылдық округі Жаңа Жанбай елді мекені Арай көшесіндегі № 6 үйге ұсақ малынан құтырма ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының "Исатай аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Атырау облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Исатай аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) осы шешімнен туындайтын қажетті шараларды алу ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

ИАОА _____ ИАТҚҚБ _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Атырау облысы Денсаулық сақтау
басқармасының "Исатай аудандық
орталық ауруханасы" шаруашылық
жүргізу құқығындағы коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорнының бас дәрігері:

2016 жылғы 06 мамыр

О. Мерешов

"Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрлігі
Тұтынушылардың құқықтарын қорғау
комитетінің Атырау облысы
тұтынушылардың құқықтарын
қорғау департаментінің Исатай
аудандық тұтынушылардың
құқықтарын қорғау басқармасы"
республикалық мемлекеттік
мекемесі басшысының
міндетін атқарушы:

2016 жылғы 06 мамыр

Б. Қартмағанбетова